Calling to assist in the formation of a unique Latin based Kazakh alphabet, from the position of “the status of the language - the status of the people” there are summed up the main issues of the article.

Қазіргі латын графикасы қарым-қатынас кеңістігінде басым күшке ие екені, әлемдік практикада ауқымды әрі алдыңғы орында тұрғаны баршаға мәлім.

Дүние жүзі бойынша осындай басымдық көрсетіп тұрған, сондай-ақ көптеген елдің әліпбиінің негізін құрап отырған осы латын тілінің тарихына қысқаша тоқтап өтуді жөн санадық.

Консонантты-вокалды латын жазуы біздің дәуірімізге дейінгі 700-ші жылдары Көне Римде пайда болған. Латын әліпбиінің ең алғашқы нұсқасында 21, кейін 23, қазіргі әліпбиде 26 таңбадан тұратын жазудың бастау тізбегін ханааней жазуы бастап, тізбекті финикий жазуы – грек жазуы – этрусс жазуы – латын жазуы жалғастырады. Латын жазуының өте ұзақ даму тарихы бар. Жазу үлгісі негізінен славян халықтарының дыбыстық жүйесіне негізделіп жасалған. Тарихи деректер мағына жазулардың соңын ала дыбысты таңбалайтын әліпбилік режимнің туындағанын көрсетеді. Дыбыстық жазудың ұшар басында ханааней жазуы тұр [1].

Уақыт өте келе латын тілі көптеген кірме сөздердің енуі арқылы ойдағыны белгілеу мен айтып жеткізілуі қиын заттарды сипаттау үшін бейімделе түсті. Бұл, әрине, ең бастысы калькалау көмегімен, бірақ түп негізінде тікелей кірме сөздердің енуі түрінде жүзеге асты. Латын халқына грек сөздерінің айтылуын барынша нақты жеткізу үшін өз әліпбиіне қосымша әріптер мен әріп тіркестерін енгізуге тура келді. Бұл әріптер мен әріп тіркестері латын әліпбиін қолданатын еуропа тілдерінде де сақталған.

Гректің кірме сөздерінің көптігі соншалық, Орта ғасырдағы және қазіргі уақыттағы латын тілін толықтай грек-латын тілі деп айтуға боларлық.

Латын тілі, көбінесе, жаратылыстану, медицина, фармацевтика, геология және басқа да ғылым салаларында кеңінен қолданылады.

Латын графикасы негізінде жасалған кейбір әліпбилерге жасалған талдауды тұжырымдасақ, Еуропа елдерінің көпшілігінің латын графикасының түрлі нұсқаларын қолданатыны байқалады.

Көптеген православиелік халыққа олар үшін арнайы әзірленген кириллица не Кирилл әліпбиін византиялық миссионерлер (Константин мен інісі Мефодий) тарту етіп қалдырған. Латын және Кирилл әліпбилері бұрын жазу-сызу болмаған ел арасында әрқайсысы өз арнасымен тараған.

Қазіргі латын әліпбиінің ерекшелігі - тиісті тіл дыбыстарын нақты көрсете алуында, сонысымен де үйрену үшін жеңілдігінде. Латын әліпбиіндегі әріптерді шартты түрде: көпшілік әліпбиде латын әліпбиімен сәйкес келетін «тұрақты әріптер»; әртүрлі дыбыста-

латын «тұрақсыз әріптер» және латын әліпбиінде кездеспейтін әрі қосымша таңбамен өзгертілген латын әріптерінің түрі «қосымша әріптер» деп үш топқа бөлуге болады.

«Тұрақты әріптер» латын тілінде де, латын графикасына негізделген басқа тілдерде де бірдей таңбаланатын, бірдей дыбысталатын әріптер. Оларға – «a», «b», «d», «e», «f», «i», «k», «l», «m», «n», «o», «p», «r», «g», «u» (көбінесе «y» дыбысын таңбалау қызметін атқарады, «v» (неміс тілінде және кейбір тілдерде «ф» дыбысын білдірген жағдайдан басқа, көбінесе «в» дыбысын білдіреді) әріптері жатады.

«Тұрақсыз әріптер» құрамына диакритикалық, қосымша белгілерсіз, әр тілде әртүрлі оқылатын латын әріптері кіреді. Көптеген еуропа тілдерінде, әсіресе, роман тілдерінде «k» әрпі кірме сөздерде ғана пайдаланылады. Ал латын тілінде «x» дыбысын таңбалайтын әріп болмаған, оның орнына ағылшын және неміс тілдерінде қолданылатын [h] көмейлік дыбысы алынған. «X» әрпі гректің «икс не кси» ([кс] не [гз] деп оқылатын) әрпін, ал «i greque» («грекше «и») деп аталатын «y» әрпі дыбысталу ерекшелігі гректерге тән дыбысты білдіреді де, кейде, мәселен, ағылшын тілінде орыс тілінің [ы] дыбысын беру үшін қолданылатын жағдайлардан басқа, әдетте, [и] деп оқылады. «Z» әрпі гректің «дзета» әрпіне сәйкес келеді де, әрдайым [з] деп оқылады. Соңғы үш әріп латын графикасын қолданатын еуропа елдерінің барлығында дерлік кездеспейді. Егер кездескеннің өзінде де, шетел сөздерін білдіру мақсатында әрі өзге графиканы пайдаланатын тілдердың дыбыс таңбасы ретінде қолданылады. «C» латын әліпбиінде [ц] деп оқылады, ал кей жағдайларда [к] деп оқылады. Бастапқы шығу тарихы бойынша гректің «x» дыбысын белгілеу үшін [ch] әріп тіркесі пайда болған. «G, g» оқылуының бір нұсқасы [г], екінші нұсқасы [ж], үшіншісі [дьжь], соңғысы [й] деп оқылады. Латын тілінде болмаған [j] әрпі бірнеше нұсқада, яғни [x], [дьжь], [ж], [й] деп оқылады. Роман тілдерінде «h» мүлдем дыбысталмайды, португалия тілінде «n» әрпін [нь] «nh» жіңішкелету үшін жалғанады, латын, германия, кейбір славян тілдерінде көмейлік [x] (украин тіліне жақын [г]) дыбысын белгілейді.

«Қосымша әріптер мен әріп тіркестері» латын әліпбиінің барлық әрпі кейбір ерекше дыбыстарды белгілей алмағаны себебінен туындаған. Жылдар бойы өзгеріп, жаңарып қалыптасқан. «Қосымша әріптердің» негізгі әріптерден айырмашылығы олардың үстіне, астына, ортасына қойылатын диакритикалық (айырма) белгілермен таңбалану арқылы жасалуында. Мәселен, әріпүсті ілмек арқылы - чехияның «ž» [ж] әрпі, әріп асты үтір қою арқылы – түріктің «ş» [ш] және «ç» [ч] әріптері, әріпүсті нүкте арқылы – поляктың «ź»

[ж] әрпі, әріпүсті қос нүкте қою арқылы – немістің «ä» [э] және орыстың «ё» [ю] әріптері жасалған.

Сондай-ақ негізгі латын тілі жайында айтқанда, «w» әрпі латын әріптері қатарына қосылмағанын айта кету керек. Кейіннен енгізілген осы әріп «u», «v» әріптерін біріктіру арқылы жасалған, бірақ баспа құралдарымен «v», «v» әріптерін біріктіру арқылы жазылған герман тілдері жазу-сызуында қолданылған диграф болып саналады. Сол себепті [dʌbl ju:], [dubl vé], яғни «қосарланған u» [уу], «қосарланған v» [вв] деп оқылады.

Латын әліпбиінің өзінде де диакритикалық белгі қою арқылы жасалып, сіңісіп кеткен әріптер де жоқ емес. Мәселен, әліпбидегі [к] мен [г] дыбыстары «С» әрпімен таңбаланған. Кейіннен осы «С» әрпіне көлденең сызықша қою арқылы «G» әрпіне өзгертіліп, [г] дыбысының таңбасы ретінде бекітілген.

23 әріптен тұрған алғашқы латын әліпбиіндегі «i (j)» [и] және «u (v)» [у] әріптері дыбысталуы жағынан ажыратылғаннан кейін ғана әліпбиге жеке әріптер ретінде енгізілді және «j» [ұзақ і] дыбысын таңбалады.

Латын тілінде кездеспейтін дыбыстарды таңбалау үшін пайдаланылатын тұрақты әріп тіркестерінің кейбірін көрсетсек, олар грек дыбыстарын белгілеу үшін алынған әріп тіркестер «ph» гректің көмейлік [п] дыбысы, «th» көмейлік [т], «ch» [ч] дыбыстары және т.б.

Көптеген тілдерде тұрақты әріп тіркестері екі әріптен тұрады: «ch» неміс, поляк, чехия, латын тілдерінде [х] дыбысын, ағылшын, испан тілдерінде [ч] дыбысын, француз, португал тілдерінде [ш] дыбысын білдіреді. Неміс тілінде төрт әріптен тұратын тіркес «tsch» [ч] дыбысын береді [2, 41-47 б.].

Мақалада көтерілген мәселелерді талдау барысында Кирилл әліпбиінен латын тілі негізге алынған жаңа әліпбиге көшкен көршілес елдердің тәжірибесін ескермеуге болмайды. Осыған орай Түркия, Әзірбайжан және Өзбекстан елдеріндегі латын графикасына көшу бойынша тәжірибелеріне шолу жасайық.

Түркия. Түркия ғалымдары ұсынған мәліметтер бойынша Түркияның латын графикасына көшуге негізінен елдің даму бағытында батысты бағдарға алу, оның мемлекеттік моделін негізге алу, Еуропа мемлекеттерімен тығыз қарым-қатынас орнатуды жетілдіру мақсаттарымен қатар, саяси, экономикалық, мәдени, лингвистикалық, қоғамдық-әлеуметтік жағдайлар себеп болған.

1928 жылғы 28 маусымда Түркияның Министрлер кеңесі құрған «Әліпби жөніндегі комиссия» шілдеде латын графикасына негізделген жаңа түрік әліпбиін қабылдады. Ал латын графикасына негізделген әліпбиге өту кезеңі бар болғаны 1 жыл ішінде жүзеге

асырылды. 1928 жылғы 1 қарашада қабылданған «Жаңа түрік әріптерінің қабылдануы мен қолданылуы туралы» заңға сәйкес 1929 жылдан бастап мемлекеттік мекемелердің латын графикасына негізделген жаңа әліпбиді қолдануы, негізгі күштің әкімшілік жүйеге салынуы жаңа әліпбиге өту кезеңінің қысқа болуына әсер етті. Сонымен қатар аталған Комиссияның Еуропа елдерінің тілінен келген сөздерге түрік тілінен балама тауып бекіту; шет тілді сөздерді өз тілінің дыбыстық заңдылықтарына қарай икемдеу сияқты атқарған жұмыстары да барынша септігін тигізді.

Түрік тілінің кейбір ерекше дыбыстарын тек латын қаріптерімен көрсету мүмкін болмағандықтан, Түріктің латын графикасына негізделген жаңа әліпбиіне осы дыбыстарды таңбалайтын «ерекше әріптер» енгізілді.

29 әріптен тұратын латын негізді түрік әліпбиіне өздерінің төл алты әрпі «i», «ö», «ü», «ş», «ç», «ğ» енгізілген. Мұндағы «ğ» әрпінің (қазақ тілінің «ғ» әрпіне жақын) дыбыстық мағынасы болмаса да, әліпбиде әріп ретінде орын алады. Әліпбиге енгізілмеген латын тілінің «q», «w», «x» әріптері әліпбиде болмағанына қарамастан, ел арасында қолданылып жүргенін: «taxi», «show», «ex», «faw» секілді сөздердің сол қалпында беріліп жүргенімен көрсетуге болады.

Өздерінің 6 «төл әрпінің» бағдарлама-лау тілдерінде, қағаз нұсқадан электрондық нұсқаға айналдыру кезінде оқылмауы, ашып айтсақ, олардың ноқат белгілерінің түсіп қалуы не олардың символ ретінде көшірілуі сияқты проблемалардың туындауынан, сондай-ақ оларды латын тілі нұсқасында жазу («i», «ö», «ü», «ş», «ç», «ğ» әріптерін латынның «i», «o», «u», «s», «c»/«ch», «g» әріптерімен алмастырып жазу) ел арасында «төл әріптерді жазудың екінші стандартының» туындауына алып келді. Түркі тілінің төл әріптерін белгілеу үшін «Латын» символ кодтарының бірнеше түрін пайдалану уақыт жоғалтуға себеп болды әрі көптеген қолайсыздықтар туғызды. «Латын» символ кодтарында аталған әріптердің болмауы қиындық келтірген проблемалардың бірі ғана болды.

Нақ осындай проблемалар классикалық 26 латын әріптеріне үш ноқат белгілер қойылған «ö», «ä», «ü» әріптері мен бір «ß» лигатурасын қосқан неміс тілінде де кездеседі [3].

Түркия ғалымдары қазіргі түрік тілінің латын әліпбиіне негізделген жазуының негізгі артықшылықтарының: әрбір әріптің бөлек-бөлек таңбалануы; түркі әлеміне ортақ жазудың ортақ ақпарат алмасуға қолайлылығы, ал негізгі кемшіліктерінің: талқыға салынбай, аз уақыт ішінде енгізілуі және негізгі өлшем-шарттарының: әрбір бөлек дыбысқа бір таңбаның болуы; латын әліпбиі жүйесіндегі негізгі таңбалардан тыс әріп болмауы; тіл жүйесін-

дегі ерекше дыбысқа латын қорының графемалары жеткіліксіз болғанда, негізгі латын графемаларына қосымша белгі қою арқылы түрік графемасын жасау; жазуға оңтайлылық қағидатына жауап беру; «еуропаланған» жаңа түрік әліпбиін бекіту екенін алға тартты.

Әзірбайжан. Әзірбайжан ғалымдарының ақпаратына сәйкес Әзірбайжанның латын графикасына көшуге негізінен саяси, экономикалық, мәдени, лингвистикалық, қоғамдық-әлеуметтік жағдайлар әрі көршілес мемлекет Түркиямен теледидар, сауда, БАҚ құралдары арқылы да кеңінен тарап, орныққан қарым-қатынас нәтижесінде осы аяда қолайлы болатын жазудың қажет болуы себеп болған.

«Латын графикасы негізіндегі әзірбайжан әліпбиін қалпына келтіру туралы» заң 1991 жылы 25 желтоқсанда қабылданды. Оған сәйкес 32 әріптен тұратын латын графикасындағы әліпби өзгерістер енгізіле отырып, қалпына келтірілді.

1991 жылы Әзірбайжанда түркі тілінің нұсқасындағы әліпби қабылданды.

Мақалада талданған кейбір көршілес елдердің әліпбилерін салыстырып түйіндесек, әріптер саны мен түрі жағынан қазақ тілінің жаңа әліпбиіне (Кирилл әліпбиі де) ең ұқсас әліпбидің қолданыстағы латын негізді Әзірбайжан әліпбиі екенін көреміз.

Латын графикасына негізделген әліпбиге өту процесінің аяқталуының белгісі ретінде 2001 жылғы 9 тамыз «Әзірбайжан тілі мен әзірбайжан әліпбиінің күні» деп жарияланды.

Әзірбайжан ғалымдары қазіргі әзірбайжан тілінің латын әліпбиіне негізделген жазуының негізгі артықшылықтарының: латын графикасы әзірбайжан тілінің дыбыстық қорындағы фонемаларды белгілеуі; ортақ жазудың ортақ ақпарат алмасуға қолайлылығы; графемалық жүйесі ықшам әрі қолайлы болғандықтан, әзірбайжан тілінен сауат ашу процесінің жеңілдеуі; латын графикасы негізіндегі бейнеақпарат легі әліпбидің игеріліп, қолданылуына оң әсерін тигізуі; ал негізгі кемшіліктерінің: осы іс-шара барысында мұғалімдерді дайындау ісінің бірден алға аспауы; мұғалім тапшылығы; латын жазуын оқытатын курстардың аздығынан ұрпақ арасындағы түсіністіктің қиындауы; бір ғасырлық мұралардың барлығының толықтай пайдаланылмауы екенін айтса, сонымен қатар негізгі өлшемшарттарының: жобаның әзірбайжан тілінің дыбыстық қорына негізделуі; әзірбайжан тілінің Баку диалектісінің дыбыстық жүйесіне негізделуі; көзшалымға оңтайлы болуы; әрбір бөлек фонемаға бір таңбаның болуы; тіл жүйесіндегі ерекше дыбысқа латын қорының графемалары жеткіліксіз болғанда, негізгі латын графемаларына қосымша белгі қою арқылы әзірбайжан графемасын жасау; жазуға оңтайлылық қағидатына жауап беруі

екенін алға тартты.

Көзшалымға оңтайлылық өлшемшартына мына мысалды келтіруге болады. Мәселен, негізгі дыбыс-жіңішке [ə] фонемасын «А» әрпінің үстінен екі ноқат қойып жазудың орнына, латын жүйесінен тыс кирилл әліпбиінің әрпі «Ә» графемасы алынған. Негізгі себеп әзірбайжан тілінде қолданылу жиілігі жоғары [ə] дыбысын «А»-ның үстіне екі ноқат қойып жазған жағдайда ұсақ әріпүсті таңбалар көбейіп, мәтін оқу (көзшалым) үшін де, жазу (қолтаным) үшін де қиындап кетуі ықтимал болатын.

Әзірбайжан тілінің латын графикасындағы жаңа әліпбиінде 32 графема, бір апостроф таңбасы бар. Графемалар тұрпатына келгенде, көзшалымдық жағынан жағымды болу қағидаты басым түсіп, жіңішке «А» дауыстысын бейнелейтін латын жүйесінен тыс «Ә» графемасы қабылданды. Бұл – «А» графемасының үстінен диакритикалық белгілерді қоюдан бастартудың салдары. Мұны әзірбайжан ғалымдары «Ә» фонемасының сөздің барлық буындарында қолданылып, жиілігімен түсіндіреді. Егер аталмыш әріп диакритикалық таңбамен берілсе, сөздің графикалық тұрпатында көзшалымға қолайсыз қосалқы таңбалар көбейіп, жазу жылдамдығына кедергі келеді деп түсіндірді тілтанушы әзірбайжандық ғалымдар.

Өзбекстан. Дүние жүзі бойынша ақпарат алмасудың негізгі құралы латын қаріптері негізінде ұлттық жазу әліпбиін жасаудың қазіргі ақпарат заманының талабы болуы; әлемдік сауда, экономикалық қатынастар үшін латын графикалы жазудың тиімді болуы өзбек тілінің латын графикасы негізіндегі жазуға көшуінің негізгі себептері болды.

1993 жылы 2 қыркүйекте Өзбекстан Республикасы «Латын графикасы негізіндегі өзбек әліпбиін енгізу туралы» заң қабылдады. Бұл Заңға сәйкес 26 әріп, үш әріптік тіркестен тұратын графемалар жүйесі қабылданды.

Өзбекстан Республикасы Мәжілісінің 1995 жылы 21 желтоқсанда қабылдаған «Мемлекеттік тіл туралы Өзбекстан Республикасының Заңын жүзеге асыру тәртібіне қатысты» жарлығы бойынша Өзбекстан Республикасының латын жазуына көшуінің соңғы кезеңі болып 2005 жылдың 1 қыркүйегі есептелді.

1993 жылдан бастап латын қарпіне өту жұмыстары жүргізілді. Ал латын графикасына өту кезеңі толық аяқталмағандықтан, көшудің кезеңі 2010 жылға дейін ұзартылды.

Өзбек тілінің латын графикасындағы жаңа әліпбиінде 26 графема, 3 әріптік тіркес, бір апостроф таңбасы бар.

Ғалымдар өзбек жазу-сызуы үшін латын графикасына негізделген өзбек тілінің және оған көшу кезеңінің негізгі артықшылықтарының: латын графикасы өзбек тілінің ды-

быстық қорындағы фонемаларды белгілеуге негізделуі; түркі әлеміне ортақ жазудың ақпарат алмасуға қолайлы болуы; экономикасының батыстық даму бағытына латын графикалы жазудың толық жауап беруі; ал негізгі кемшіліктерінің: жаңа жоба бағдарламасы бойынша оқытатын мұғалімдерді дайындау ісінің жолға қойылмауы; Кирилл графикасында білім алған мұғалімдер үшін латын графикасына негізделген жаңа әліпбиді оқып-үйренудің қиынға соққаны; латын қарпінде басып шығарылған әдебиеттердің тапшылығы; жаңа латын графикасына алынған үш әріптік тіркес кейбір сөздер құрамында бір дыбыс ретінде оқылса, келесі бір сөздерде екі дыбыс түрінде оқылып, жазуда ережелермен де реттелмейтін келеңсіздіктердің болуы; екіұшты оқылулардың пайда болуы; мұның барлығы өзбек жазуының мағынаны дұрыс жеткізу сипатына нұқсан келтірілуі; бір дыбысқа бір графема қағидатының толық сақталмауы (мысалы, «Ishak» сөзі «Исхак» және «Ишак» деп екі түрлі оқылуы) екенін атап көрсетті.

Жаңа әліпби жобасының лингвистикалық негізіне интернет жүйесіндегі ақпарат тасушы таңба талаптарына сәйкестік қағидаты алынды.

Осы жаңа әліпбиге көшу кезеңінде «өзбек әліпбиі интернет желісіне икемді болғанымен, ұлттық тілдің мүддесінен шықпай отыр» деген де көзқарастар басым болды [4].

Қазіргі Қазақстан тарихта әліпбиді араб тілі – латын тілі – кириллица негізінде өзгертіп қолдану тәжірибесінен өткен. Енді кириллицаға көшкенге дейін пайдаланылған латын графикасындағы қазақ әліпбиі тарихына тоқталып өтейік.

Қысқа уақытқа созылған латынға көшу түркі тілдес кеңес республикаларының ішінде Қазақстанға кеш келді әрі қоғамды мазалаған басты мәселе латын графикасына негізделген жаңа әліпбиге көшу барысында қазақ тілінің тоғыз төл дыбысының жағдайы болды.

Қазақстанда Х-XX ғасырларда араб графикасы пайдаланылған кезеңнен басқа латын графикасына негізделген жаңа әліпбиге көшу 1929 жылдан 1940 жыл аралығын қамтыған қысқа кезеңнен тұрды.

Сол кезеңдегі Жаңа қазақ әліпбиінің орталық комитеті латын графикасына негізделген қазақ тілінің жаңа әліпбиі жобасын әзірлеу барысында таңбалардың түркі тілдеріне тән дыбыстарға сәйкестігін сақтай отырып, латын тілінің жалпыға бірдей танылған жазылуы мен мағынасын бұрмаламау және қазақ тілінің

үндестік қағидаттарын басшылыққа алды.

Әліпбиде «ш» дыбысын көрсету үшін латынның «с» әрпін алу ұсынылды және оған «ә» (ə), «у» (ү), «ө» (ө) қосымша графемалары енгізілді. Біріздендіру мақсатында «j» (и), «i» (і), «ç» (ж) деп алынып, «h» (h), «x» (x), «f» (ф) қосымша дыбыстары да енгізілді. Осылайша «x» (x) мен «f» (ф) әріптері енгізілместен, 1928 жылы 14 желтоқсанда жалпы саны 29 әріптен тұратын латын графикасына негізделген жаңа әліпби жобасы бекітілген болатын.

Ал латын негізінде әзірленген 32 әріптен тұратын «Жаңәліп» әліпбиінің 1938 жылғы екінші нұсқасында кірме сөздерді таңбалау үшін «f» пен «x» әріптері қосылды, мұндағы соңғы әріп Кирилл әліпбиіндегі [x] дыбысын таңбаласа, латынның «H h» әрпі көмейлік [h] дыбысын білдірді. Кириллицадағы әріптер латын әріптерімен «у» - «и» (1938 жылға дейін «v»), «ү» - «й» (1938 жылға дейін «u»), «ү» - «у», «ү» - «ü»), ал «ш» - «с»), «и» - «I i» (1938 жылға дейін «Jj»), «I i» - «J j» (1938 жылға дейін «I i») деп таңбаланған.

Сонымен бірге осы нұсқада әліпбидегі әріптердің реттік тәртібі орыс тіліндегі реттік тәртіпке ұқсатып өзгертілді.

Бағдарлама қаріптерінде жаңадан енгізілген әріптердің болмауынан, олардың орнына латынның негізгі әріптерінің қолданылуы көрініс тапты, мәселен, «Ç ç» әрпінің орына латынның «C c» немесе осы әріптің астына үтір қою арқылы «C, ç», ал «Ü ü» орнына латынның «U u» әрпі, тіпті кириллицадағы «Й й» әрпі алмастырылып жазылды¹.

«Әліпби қандай да бір тілдің негізгі дыбысталуын таңбалау үшін қызмет ететін шартты таңбалардың жинағы ғана. Ол тіл элементтерін барынша толық әрі нақты көрсетсе, соғұрлым сауат ашуға оңай болмақ, оқу-жазуға, техниканың жетілгеніне де ыңғайлана түсе білуімен ол үздік болып саналады» деген «әліпби жасаудың формуласын» кезінде Ахмет Байтұрсынов айтқан екен.

«Әліпби жасаудың формуласын» ұстана отырып, Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 19 ақпандағы № 637 Жарлығы негізінде жаңа редакцияда бекітілген латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиі жарық көрді. Аталған әліпбиде 34 дыбысқа 32 әріп алынған, оның ішінде кірме сөздердегі 6 фонема (и, в, ф, h, x, ч), және бір әріппен екі дыбысты таңбалап тұрған H h-[x], [h] және I i-[и], [й] екі әріп бар, сонда барлығы 34 дыбыс таңбаланған².

Жаңа әліпбидегі өздерінің жуан-жіңіш-

¹ Казахская письменность. Материал из Казахстанская Энциклопедии. <http://ru.encyclopedia.kz/index.php>.

² «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 26 қазандағы № 569 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 19 ақпандағы № 637 Жарлығы. 2019 жылғы 21 мамырдағы жағдай бойынша. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs>;

келігімен бір-біріне қарама-қарсы дауысты дыбыстар тек әріпүсті белгілермен ажыратылған. Бірақ жуан-жіңішкелі [ы] мен [і] дауыстыларының «І і» -[i], «У у»- [y] болып екі түрлі таңбамен берілгенінен осы жүйеге сай келмей тұрғаны көрінеді [5].

Өз тарихы бойынша Кирилл әліпбиіндегі өзгеріске ұшыраған «Ы ы» әрпі ең алғашында «Ы ы» түрінде жазылған. Орыс тілінде «Ы ы» мен «И и» әріптері, ал қазақ тілінде «Ыы» (ескі жазылуы «Ы ы») мен «Іі» әріптері бір-біріне жақын. Осыдан «ы», «и», «і» әріптерінің жақындығы туындайды.

Кейбір елдерде [ы] дыбысы латынның «У у» әрпімен, ал [и] дыбысы латынның «І і» әрпімен, ал румын тілінде [ы] «Î î», [и] «I i» деп жазылады.

Орыс жазу-сызуында «И и» әрпіне ауыстырылған «І і» әрпінің алғашқы «І і» нұсқасында қос нүкте болған (дауыссыз [j] таңбалайтын гректің йот (I) әрпінің арғы тегі финикия әрпі «Phoenician yodh.svg (йод)»).

Түрік, әзірбайжан, қырым-татар әліпбилерінде [ы] дыбысы нүктесіз «І і» әрпімен, ал [и] дыбысы нүктелі «І і» әрпімен, сонымен бірге қазіргі қырым-татар әліпбиінде [й] дыбысы «У у» әрпімен таңбаланады.

Жоғарыдағы мәліметтер талдауын және «ортақ жазу – ортақ ақпарат алмасуды» негізге алып, латын негізді жаңа әліпбиге бірінші нұсқада: [ы] дыбысын нүктесіз «І і» әрпімен, [й, и] дыбыстарын нүктелі «І і» әрпімен, ал қазақ тілінің ерекше [і] дыбысын «У у» әрпімен таңбалау; екінші нұсқада: [ы] дыбысын нүктесіз «І і» әрпімен, [і] дыбысын нүктелі «І і» әрпімен, ал [й, и] дыбыстарын «У у» әрпімен таңбалау ұсынылады. Бұл ретте жаңа әліпбидегі [и] мен [і] дыбыстарын «І» түріндегі бас әріппен жазған кезде қиындықтар туындайтынын ескеріп, бас әрпін нүктелі «І» әрпімен жазуды ұсынғанымызды айта кету керек.

Латын графикасы негізді қазіргі түрік әліпбиінде [x] дыбысы «Н н» әрпімен, [y] дыбысы «U u» әрпімен, әзірбайжан әліпбиінде [h] дыбысы «Н н» әрпімен, [x] дыбысы «X x» әрпімен, [y] дыбысы «U u» әрпімен, [ү] дыбысы «Ü ü» әрпімен таңбаланған. Сондай-ақ латын графикасына негізделген қазіргі қырым-татар әліпбиінде [y] дыбысы «U u» әрпімен [ю, у] дыбысы «Ü ü» әрпімен, [x] дыбысы «Н н» әрпімен таңбаланған.

Жоғарыда атап өткеніміздей, «Жаңәліп» әліпбиінде [ү] дыбысы 1938 жылға дейін «U u» болып, ал 1938 жылдан «Ü ü» әрпіне өзгертілген.

Кейбір тілдерде «U ú» (акут белгісі бар «U») [ұзақ «у»] дыбысының таңбасы ретінде қолданылады. Сәйкесінше, қазақ тіліндегі «ү»

дыбысы «ұзақ у» дыбысына жақын³.

Талдауға қорытынды жасасақ, жаңа әліпбиде [y] дыбысын бірінші нұсқада «U u» әрпімен, [ү] дыбысын «Ü ü» әрпімен, ал [ұ] дыбысын «U ú» әрпімен таңбалау ұсынылады.

Ал екінші нұсқада төмендегіше жазу ұсынылады. Жуан-жіңішкелі [ү] мен [ү] дыбыстарының туыстас [y] дыбысы көптеген елде латынның «U u» әрпімен таңбаланатынын талдау барысында көрдік. Бірінші нұсқада ұсынылған таңбалауда ноқат қою көзшалымға оңтайлы емес деген қағидатты ұстанатын және [ү] дыбысы латынның «Y» бас әрпіне көлденең сызықша қою арқылы жасалғанын ескеретін болсақ, онда латынның «U u» әрпінің ортасына көлденең сызықша қою арқылы деп жасау ұсынылады. Сондай-ақ [ү] әрпін тік сызықшаны латынның «U u» әрпінің астына қою арқылы түрінде жазу ұсынылады.

Ахмет Байтұрсынов өз кезеңінде жаңа әліпбиге көшу жұмыстары аясында басқа қаріп жүйесі осы тілдің негізгі элементтерін толықтай бейнелеу үшін қаншалықты жарамды, баспа және жазба мәтіндер қай жүйеде жылдам оқылып-жазылады әрі жазылған тез түсініледі, қай жүйе сауат ашу үшін оңай, салыстырмалы сырт пішіні – баспа, қолжазба мәтін әдемілігі, яғни көзшалымдық жағынан жағымды болу мәселелерін негізге алу қажеттігін көтерген болатын [6].

Талдау аясында түркі тілдер қатарына жататын тілдердегі өзара ұқсас төл дыбыстар әртүрлі таңбаланатынын байқадық.

Латын тілі негізінде жасалған әліпбиге көшу жолында «ортақ жазу - ортақ ақпарат алмасу» үндеуімен алға қойған мақсатқа жетудің бірден-бір көзі түркі тілдерінің ұқсас дыбыстарын белгілеуді латын тілінің көмегімен біріздендіру десек қате айтпаған болар едік.

Кез келген әліпбидің уақыт өте келе өз сипаты да, құрамы да жағынан өзгеріп отыратынына әрі латын тілі негізіндегі әліпби моделіне көшуді түркі тілдес елдерін біріктіруге бірден-бір септігін тигізуші фактор екеніне тұжырым жасаймыз.

Латын тілі негізді әліпбиге көшудің шет тілдердің көп бөлігінің латын әліпбиі арқылы меңгерілетінін ескерсек, қазақ тілін шетел тілі мәртебесі ретінде тез үйренуге мүмкіндіктің артуы; қазіргі кириллицаға негізделген қазақ тілі әліпбиі қаріптеріне қарағанда, жаңа жоба бойынша латын қаріптеріндегі сайттарды іздеу жүйесінің барынша көп сілтемелерді көрсетуі; ағылшын тілді аудиторияның қазақ тілін үйренуге қызығушылығын арттыруы сияқты оң тұстарын да атап өтер едік.

Талданған тәжірибелерден қай қаріп не-

³ «Википедия» свободная энциклопедия/ <https://ru.wikipedia>

гізінде жасалған әліпби болсын, жаңа әліпбиге көшу кезінде қиынға соққаны түркі тілдеріне тән дыбыстарды белгілеу екенін байқаймыз. Дегенмен, осы ерекше дыбыстарды белгілеудің тиімді жолдарын тауып, белгілеп-бекітіп, олардың сіңісіп кетіп, тілдің өркендеуі үшін дұрыс қызмет етуі басты мақсат болып табылады.

Ғалым С.Бизақов «сөз құрамында басы артық дыбысты үстемелеп жазу тіліміздің орфографиялық нормасы үшін де, орфоэпия заңдылығының қалыптасуы үшін де қолайлы емес, өйткені басы артық әріппен тілдің табиғи әуезділігінің берекесін кетіруіміз мүмкін», сондықтан «сөз тұлғасын үстеме

дыбыстардан аршып, өзінің табиғи дұрыс дыбысталуын сақтау – тіліміздің бүгінгі мен ертеңіне жанашырлық білдіргендік» деп айтқандай, әліпбиде қанша әрі қандай әріп түрі болмасын, ең бастысы ойды дұрыс жеткізуге дұрыс қызмет ете алатын әліпбидің болғаны дұрыс деген тұжырымға келеміз.

Қорытындыға қосарымыз халықаралық стандарт бойынша жалпыға бірдей танылған терминалмасы өзгерістеріне, тілдің фонетикалық өзгерістерге ұшырауына, тілдік кодтың оңтайлануына қарамастан, қазақ тілі жаңа әліпбиінің мінсіз әліпби болуына «тіл мәртебесі – ел мәртебесі» деген ұстаныммен ат салысуымыз қажет.

ӘДЕБИЕТ

1. Иманқұлова Ж. Таңбалар тарихы және әліпби ауыстырған елдер тәжірибесі. 10.11.2017 ж. <http://erkineurasia.com/kz/>;
2. Быков А.А. Удивительное языкознание. – М.: ЭНАС. 2011 – 208 с.
3. Әділбек Нәби. Түркия ғалымдары латынның классикалық 26 әріпіне өтуге ниетті. 05.04.2018 ж. <https://www.qamshy.kz/>;
4. Фазылжанова А. Латын әліпбиіне көшу Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстан елдерінде қалай жүргізілді? 25.01.2013 ж. Ақпараттық портал <https://abai.kz/post/15886>;
5. Садуақас Н.А. Әліпби мен емлені тең ұстау. <http://emle.kz/articles/get/197>;
6. Каратаева Г. Из истории казахского алфавита: арабская графика – латиница – кириллица, 18.10.2017 г. <https://tengrinews.kz/article/639/>.

REFERENCES

1. Imanqulova Zh. Tañbalar tarihy zhәне әlipbi ауыстырған elder tәzhiribesі. 10.11.2017 zh. <http://erkineurasia.com/kz/>;
2. Bykov A.A. Udivitel'noe jazykoznanіe. – M.: JeNAS. 2011 – 208 s.
3. Әdilbek Nәbi. Tүrkija ғalymdary latynnyң klassikalық 26 әrpіne өтуге nietti. 05.04.2018 zh. <https://www.qamshy.kz/>;
4. Fazylzhanova A. Latyn әlipbiіne көshu Tүrkija, Әzirbajzhan, Özbekstan elderinde қalaj zhүrgizildi? 25.01.2013 zh. Aқparattyқ portal <https://abai.kz/post/15886>;
5. Saduaқas N.A. Әlipbi men emleni тең ұstau. <http://emle.kz/articles/get/197>;
6. Karataeva G. Iz istorii kazahskogo alfavita: arabskaja grafika – latinica – kirillica, 18.10.2017 g. <https://tengrinews.kz/article/639/>.